

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және олардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 қазан N 1369

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 11 шілдедегі N 654 Жарлығының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 28 қазандағы
N 1369 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік ішкі займының ұлттық жинақ облигацияларын шығару туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 мамырдағы N 619 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 22, 194 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займның ұлттық жинақ облигацияларын шығару айналысқа қосу және өтеу шарттары туралы ережеде:

8-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Ескерту. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күнге дейін шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды соңғы өтеу сәтінен бастап 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.08. N 941 қаулысымен .

4. Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.11. N 641 қаулысымен .

5. - 6. Ескерту. 5,6-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 124 қаулысымен .

7. Ескерту. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күнге дейін шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды соңғы өтеу сәтінен бастап 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.08. N 941 қаулысымен .

8. Ескерту. 8-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен .

9. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, айналысқа енгізудің және өтеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1859 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 57, 520-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, айналысқа енгізудің және өтеудің ережесінде :

4-тармақтағы "бағалы қағаздар жөніндегі Қазақстан Республикасының ұлттық комиссиясы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк)" деген сөздер "Ұлттық Банкі" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 N 391 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Ескерту. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күнге дейін шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды соңғы өтеу сәтінен бастап 12-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.09.08. N 941 қаулысымен .

13. "Айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды шығарудың, айналысының және өтеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 363 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды шығарудың, айналысының және өтеудің ережесінде:

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен" деген

с ө з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н .

14. "Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі үш, алты, тоғыз және он екі ай мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық валюталық міндеттемелерін шығарудың, айналысының және өтеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 398 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 12, 121-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі үш, алты, тоғыз және он екі ай мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық валюталық міндеттемелерін шығарудың, олардың айналысының және өтеудің ережесінде:

5 және 22-тармақтардағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы" және "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтың екінші сөйлемі мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте, қазынашылық міндеттемелердің аукциондарына екінші деңгейдегі банктердің және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының арасынан іріктелген жағдайда - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұсынымы бойынша Эмитент айқындайтын тек бастапқы дилерлер ғана тікелей қатысады."

1 5 . < * >

ЕСКЕРТУ. 15-тармағы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2002.04.24.

N

4 7 0

қ а у л ы с ы м е н

16. "Қазақстан-американ бірлескен комиссиясының 6-мәжілісі Қорытынды баяндамасының ережелерін және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Америка Құрама Штаттарына 1999 жылғы 17-22 желтоқсандағы сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 413 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан-Американ бірлескен комиссиясының 6-мәжілісі қорытынды баяндамасының ережелерін және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың АҚШ-қа сапары барысында (1999 жылғы 17-22 желтоқсан) қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар ж о с п а р ы н д а :

реттік нөмірі 46-жолдың "Орындалуына жауаптылар" деген бағанындағы "Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия (келісім бойынша)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

17. "Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі бір жыл және одан артық мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық валюталық міндеттемелерін шығарудың, орналастырудың, олардың айналысының, өтеудің және оларға қызмет көрсетудің

ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі
N 597 қ а у л ы с ы н а :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының айналыс мерзімі бір жыл және одан артық мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық валюталық міндеттемелерін шығарудың, орналастырудың, олардың айналысының, өтеудің және оларға қызмет көрсетудің ережесінде:

6-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы" және "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақтың екінші абзацындағы бірінші және екінші сөйлемдер мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Екінші дәрежелі банктер мен бағалы қағаздар рыногының өзге кәсіби қатысушылары арасынан іріктеген жағдайда бастапқы дилерлерді Қаржы агентінің ұсынымы бойынша Эмитент белгілейді."

18. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Экономикалық ақпарат орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 729 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 22, 256-құжат):

1) 3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы" деген сөздер алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Экономикалық ақпарат орталығы туралы ережеде:

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясынан" деген сөздер алынып тасталсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Экономикалық ақпарат орталығына міндетті түрде ұсынылатын материалдардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша)" деген бөлімде:

"елдегі банк жүйесін дамыту" деген абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"капитал рыногын дамытудың проблемалары мен перспективалары;
экономиканы қаржыландыруда қаржы құралдары тиімділігінің проблемалары;
аймақтарда қаржы құралдарын пайдалануды тарату.";

"Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы" деген бөлім алынып тасталсын.

1 9 . < * >

Ескерту. 19-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.05. N 110
қ а у л ы с ы м е н .

20. "Жинақ ақшаларды қорғау және ынталандыру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 тамыздағы N 1277 қаулысына (

Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 36-37, 434-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақ ақшаларды қорғау және ынталандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 6 және 7-жолдарда 3 "Орындауға жауаптылар" деген бағандағы "БҚҰК (келісім бойынша)" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 6-жолда 4 "Аяқтау нысаны" деген бағандағы "БҚҰК-ның нормативтік құқықтық кесімдері" деген сөздер алынып тасталсын.

21. "Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландырудың және ипотекалық несие беру жүйесін дамытудың бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қарашадағы N 1774 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 49-50, 579-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландырудың және ипотекалық несие беру жүйесін дамытудың бағдарламасында:

8 "Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландырудың және ипотекалық несие беру жүйесін дамытудың бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 2, 3, 7-жолдарда 4 "Орындалуына жауаптылар" деген бағандағы "БҚҰК (келісім бойынша)" деген сөздер алынып тасталсын.

2 2 . < * >

Ескерту. 22-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.16. N 557 қаулысымен .

23. Ескерту. 23-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.07.17. N 691 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) қаулысымен.

24. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

2 5 . < * >

Ескерту. 25-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.02. N 91 қаулысымен .

26. "Шығыс Қазақстан облысы жергілікті атқарушы органының орта мерзімді облигацияларын шығарудың, орналастырудың, олардың айналысының, өтеудің және оларға қызмет көрсетудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 мамырдағы N 685 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 19, 235 - құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Шығыс Қазақстан облысы жергілікті атқарушы органының орта мерзімді облигацияларын шығарудың, орналастырудың, олардың айналысының, өтеудің және оларға қызмет көрсетудің ережесінде:

7-тармақта "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздермен ауыстырылсын.

27. "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 маусымдағы N 773 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:
реттік нөмірлері 5 және 6-жолдарда:

3 "Аяқтау нысаны" деген бағандағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 "Орындауға жауапты мемлекеттік орган" деген бағандағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 11 шілдедегі N 654 Жарлығын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 тамыздағы N 1040 қаулысына :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. А.М.Жолдасбеков Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының тарату комиссияларының және шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Шаруашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының төрағасы болып тағайындалсын .

Тарату комиссиялары төрағасының еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясын ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен "Қызметкерлерінің орташа жалақысын есептеу тәртібі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1942 қаулысына сәйкес есептелген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасына бұрын белгіленген орташа жалақы мөлшерінде жүзеге асырылсын."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 8 қ а з а н д а ғ ы

N 1 3 6 9 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің

тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының ұйымдастырушылық мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 27 қаңтардағы N 98 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж.,

N 4 , 5 2 - қ ұ ж а т) .

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 шілдедегі N 948 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы.

3. "Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 желтоқсандағы N 1552 қаулысының 1 және 2-тармақтары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК